

## Қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 775 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 3) тармақшасына және 105-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жер учаскелері елді мекен жерлері санатынан қорғаныс мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қарағанды аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қарағанды аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауданы 43,96 гектар жайылым түріндегі ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін.

3. Қарағанды облысының әкімі және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
С. Ахметов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2

т а м ы з д а ғ ы

№

7 7 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қарағанды аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне елді мекен жерлері санатынан тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы**

Р/с №	Берілетін жер учаскесінің жер санаты	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы ауданы, гектар	Оның ішінде:		Жер учаскесінің нысаналы
				ауыл шаруашылығы алқаптары (жайылым )	басқа	

1	2	3	4	5	6	7
1.	Саран қаласы Ақтас кенті елді мекендерінің жерлері	Қарағанды облысы, Саран қаласы, Ақтас кенті	7,6380	-	7,6380	44803 «в» әскери бөлімі қалашығының мүліктік пайдалану және оған қы үшін
2.	Саран қаласы Ақтас кенті елді мекендерінің жерлері	Қарағанды облысы, Саран қаласы, Ақтас кенті	0,0236	0,0120	0,0116	«Ақтас-Бытовая» ҚС-тен бөліміне дейін ЭБЖ-10 кЕ құрылысы және оған қы үшін
3.	Жезқазған қаласы елді мекендерінің жерлері	Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы	44,65	43,95	0,7	01740 әскери бөлімінің қалашығын пайдалану жән көрсету үшін
	Барлығы:		52,31	43,96	8,35	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК